

**BD011400 – «Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Байгапанова Айгуль Болатовнаның «Семей облысының әлеуметтік-экономикалық даму тарихы және әдістемесі (1939-1997 жж)» тақырыбында дайындалған диссертациясына**

**Рецензия**

№	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Диссертациялық ҚР Үкіметінің жанындағы Жоғары ғылыми –техникалық комиссиямен бекітілген ғылымды дамытудың негізгі бағыттарымен сәйкес келеді:</p> <p>Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы. 2017 ж. 1 қыркүйек.</p> <p>Қазақстан Республикасының білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдардағы арналған мемлекеттік бағдарламасында көрсетілген мақсаттың бірі - Қазақстандық білім мен ғылымының жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту</p>

			<p>міндеттерін шешуге арналған.</p> <p>Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми техникалық комиссиямен бекітілген ғылымды дамытудың негізгі бағытымен сәйкес келеді:</p> <p>-«Білім беру мен ғылым саласындағы зерттеулер»;</p> <p>-«Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласы бойынша зерттеулер»</p>
2	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады /қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	<p>Зерттеу жұмысы – тарих ғылымына, оның ішінде Семей облысының әлеуметтік-экономикалық даму тарихын соңғы уақыттарда қалыптасып келе жатқан жаңа бағыттағы ғылыми ой-пікірлер мен тұжырымдары, жаңа тарихи көзқарас тұрғысынан зерттелуі және педагогикалық әлеуетінің оқу-тәрбие үрдісіндегі маңыздылығы ашылып көрсетілген.</p> <p>Аймақтың әлеуметтік-экономикалық</p>

			<p>дамуына ғылыми талдау жүргізуі мен зерттеулері ғылымға үлес қосады. Бұл бағыттағы ізденістер болашақ мамандар дайындауда аса маңызды. Сондықтан докторант Байгапанова Айгуль Болатовнаның «Семей облысының әлеуметтік-экономикалық даму тарихы және оқыту әдістемесі» атты диссертациялық зерттеу жұмысы маңызды әрі қажетті зерттеу жұмысы деп бағалаймын.</p>
3	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:  1) жоғары;  2) орташа;  3) төмен;  4) өзі жазбаған</p>	<p>Диссертациялық жұмысты жазу деңгейі жоғары. Диссертациялық жұмысты зерттеуші өзі жеке дара, жоғары деңгейде жазылған толыққанды зерттеу. Зерттеу жұмысындағы ғылыми талдаулары, жаңа тарихи көзқарас тұрғысынан жоғары, жеке тұжырымдары мен қорытындыларынан диссертанттың өз қолтанбасы нақты көрінеді. Диссертацияда теориялық негіздеулер тұжырымдалған және әр бөлімге қорытынды жасаған.</p>
4	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі  1) негізделген;  2) жартылай негізделген;  3) негізделмеген.</p>	<p>Диссертация өзектілігі толық негізделген. Диссертациялық жұмыстың өзектілігі 1939-1997 жж. Семей облысы халқының тұрмыс-тіршілігі, әлеуметтік жағдайы, шынайы өмірі белгілі бір әлеуметтік-экономикалық даму бағыттары</p>

		<p>тұрғысынан зерттеуі тарих ғылымына қосылған жаңалық. Жұмыстың тақырыбы айқын, өзекті және осыған дейін Семей облысының аталған тарихи кезеңге қатысты мәселелерінің негізгісі - оның қандай шаралар жағдайымен ұштастырылғандығын, экономикасы мен әлеуметтік ортасының қалыптасу, даму ерекшеліктерінде жетістіктер мен кереғарлықтардың болуын анықтаумен сабақтастырылған.</p> <p>Диссертация тақырыбының өзектілігі Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағдарламаларымен сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыстың жаңалығы мен тұжырымдары тың және дәйекті.</p>
	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) айқындайды;</li> <li>2) жартылай айқындайды;</li> <li>3) айқындамайды</li> </ol>	<p>Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындайды.</p> <p>Зерттеу жұмысының өзектілігі мен маңызы нақты көрсетілген. Диссертация жұмысының мазмұнына сәйкес Семей облысының әлеуметтік-экономикалық даму тарихы және оқыту әдістемесі жан-жақты зерттеліп, жасалған тұжырымдар нақты дәйектер негізінде анық әрі ғылыми тілде көрсетілген. Диссертация жұмысының әрбір тарауы мен бөлімдерінде бірізділік сақталған.</p>

4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:

- 1) сәйкес келеді;
- 2) жартылай сәйкес келеді;
- 3) сәйкес келмейді

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері толықтай тақырыпқа сәйкес келеді, яғни 1939-1997 жж Семей облысының әлеуметтік-экономикалық даму тарихын соңғы уақыттарда қалыптасып келе жатқан жаңа бағыттағы ғылыми ой-пікірлер мен тұжырымдарды, жаңа тарихи көзқарас тұрғысынан зерделеу және педагогикалық әлеуетін оқу-тәрбие үрдісі аясындағы қолданысы негізінде алынып, бүгінгі күн талабына сай жаңа тарихи методологиялық тұрғысынан кешенді түрде зерттеу жұмысы жүргізілген.

Диссертациялық жұмыс алға қойған мақсаттар мен міндеттерден туындайтын ғылыми теориялық алғышарттар негізінде құрылған, осы негізде зерттеудің басты қағидаттары жүйелі тұжырымдалған. Тақырыпты ашуда қойылған мақсаты айқын әрі нақты. Мақсатқа жетуде туындайтын міндеттері сәйкес келеді.

4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:

- 1) толық байланысқан;
- 2) жартылай байланысқан;
- 3) байланыс жоқ

Диссертацияның барлық бөлімдері мен негізгі тұжырымдары бір-бірімен толық байланыста құрылған. Жасалған тарихи талдаулар өзіндік ішкі сипатының бірлігімен және логикалық бірізділік тұрғысынан өзара үйлесімділікті көрсетеді.

			<p>Диссертация үш тараудан, әрбір тарау үш бөлімнен тұрады. Диссертациялық жұмыстың бөлімдері ғылыми зердемен жасалған және нәтижелердің ішкі бөлігінің тұтастығына қол жеткізген. А.Б.Байғапанованың бұл орайдағы еңбегі осы бағыттағы өзекті мәселелерді, теориялық және қолданбалы-әдістемелік тұрғыда шешуге толық сәйкес келеді.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>сыни талдау бар;</b></li> <li>2) талдау жартылай жүргізілген;</li> <li>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</li> </ol>	<p>Диссертациялық жұмыста диссертант ұсынған қағидаттарын дәлелмен келтірген және өзіне дейінгі шешімдермен салыстыра отырып, сыни талдау жүргізе алған. Талдау нәтижесінде ұсынған тұжырым-түйіндері көңілге қонымды. Диссертацияның ғылыми жаңалығына: Осы күнге дейінгі Қазақстан тарихы ғылымында Семей облысының құрылу тарихы мен екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі экономикалық жағдайына талдау жасалып, соғысқа бейімдеп қайта құрудағы мемлекет тарапынан жүргізген іс-шаралар анықталып, сыни баға берілген. Семей облысының 1939-1997 жж. аралығындағы әлеуметтік-экономикалық жағдайы кеңестік саясаттың күрделі нысаналардан көрініс тапқан тұстарға арқау болған дерек көздері тұңғыш рет</p>

сыни көзқараста қарастырылып, архивтік құжаттар талданып, ғылыми айналымға енгізілген. Семей облысының Одақтық бағыныштағы өнеркәсіп салаларының өндіріс көрсеткіштері де сын тұрғысынан талданған.

Семей облысының әлеуметтік-экономикалық жағдайын тоқырау жылдары мен сол тұстағы үстем болған «социализмнің тұрақтануы» көзқарасын жасаушылардың жалпылама пікірлері объективті түрде талданған.

Қазақстанның қазіргі заман тарихы курсы оқытуда білім беру, жан-жақты дамыту және тәрбиелеудің бір тұтастығын қалыптастыруға бағытталған әдістемелік ұсыныстар берілген.

Өлкетану тарихын оқытуда Семей облысының әлеуметтік-экономикалық дамуы мен қалыптасу ерекшеліктері, деңгейі мен құрамы айқындалып, оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін кеңінен қолдана білген.

5 Ғылыми жаңашылдық принципі

5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?  
1) **толығымен жаңа;**  
2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);  
3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)

Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері мен қағидаттары толығымен жаңа. Диссертациялық жұмысты жазу барысында зерттеу нысанына алынған Семей облысының әлеуметтік-экономикалық даму тарихына архив құжаттары негізінде ғылыми талдау жасалған, сонымен қатар, зерттеу нәтижелерінің мазмұнындағы білім беруді модернизациялауды «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» курсы бағдарламасында оқытудың оқу-әдістемелік кешені құрастырылған.

5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?  
1) **толығымен жаңа;**  
2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);  
3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)

Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа.  
Себебі:  
- Семей облысының құрылу тарихы, 1939-1997 жж аралығындағы әлеуметтік-экономикалық жағдайы кеңес үкіметі кезінде деректік нысанда болмаған біршама архив материалдары алғаш рет ғылыми айналымға енгізілген,  
- Семей сынақ алаңындағы жүргізілген сынақтардың халықтың денсаулығына орасан зор зиян тигізгені негіздеген, жергілікті халықтың қаншалықты зардап шеккені туралы статистикалық мәліметтер нақтыланып,



			<p>осы уақытқа дейін оның зардабының ізі жойылмағандығы тарихи құжаттар жинағы мен архив қорларындағы бұрын айналымға енбеген деректерді қолданған.</p> <p>- Семей облысының әлеуметтік-экономикалық дамуы мен қалыптасу ерекшеліктерін «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» курсы мен «Өлкетану» тарихында оқытудың әдістемесін құрастырған.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) <b>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</b></p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Технологиялық шешімдері жартылай жаңа және негізделген. Шешімдерінің негізделуі 75 % үлесте жаңа болып табылады.</p>
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <b>негізделген/негізделмеген</b> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың негізгі қорытындылары ғылыми көзқарас тұрғысынан алғанда салмақты да шынайы деректерге, ғылыми дәлелдемелерге негізделген.</p> <p>Семей облысының әлеуметтік-экономикалық даму тарихы және әдістемесі мәселесінің теориялық жақтары жеткілікті әрі дәйекті тұрғыда талданған. Барлық тұжырымдар негізгі зерттеу</p>

			нысанына алынған тақырыпқа қатысты кешенді де жүйелі ғылыми еңбектер мен қағидаттардан бастау алады.
7	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <b>дәлелденді;</b>  2) шамамен дәлелденді;  3) шамамен дәлелденбеді;  4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) <b>ия;</b>  2) <b>жоқ</b></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <b>ия;</b>  2) <b>жоқ</b></p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;  2) орташа;  3) <b>кең</b></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <b>ия;</b>  2) <b>жоқ</b></p>	<p>7.1. Жұмыстағы қағидаттар дәлелденген.</p> <p>7.2. Жұмыста келтірілген қағидаттар тривиалды емес.</p> <p>7.3. Ұсынылған қағидаттар жаңа.</p> <p>7.4 Қағидаттарды қолдану деңгейі кең.</p> <p>7.5. Диссертация тақырыбы аясында 8 мақала жарияланған. Соның ішінде ҚР Білім және ғылыми саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда 4 мақала. Scopus мәліметтер базасына кіретін шетелдік басылымда 1 мақала, шетелдік ғылыми журналдар мен конференцияларда 3 мақала жарық көрген. Мақалалар мазмұны диссертация тақырыбына сәйкес. Мақалаларда қорғауға шығарылған қағидаттар дәлелдеген.</p>
8	Дәйектілік принципі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) <b>ия;</b>  2) <b>жоқ</b></p>	<p>Диссертация жұмысында әдіснама нақты таңдалған.</p> <p>Зерттеу барысында кешенділік, жүйелілік, шынайылық, тарихилық, тарихи салыстырмалық әдістері қолданылған.</p>


Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.2 Диссертациялық жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. <b>1) ия;</b> <b>2) жоқ</b>	Диссертация жұмысы компьютерлік технологияларды қолдану арқылы деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып өңделген.
	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): <b>1) ия;</b> <b>2) жоқ</b>	Диссертациялық жұмыста теориялық пайымдаулар, тұжырымдар мен заңдылықтар арнайы зерттеулер негізінде дәлелденіп, нақтыланған. Диссертацияның нәтижелерінің негізділігі мен дәйектілігі тақырыптың терең пайымдауға құрылған талдаулар әдістемесі негізінде жасалған.
	8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <b>расталған</b> / ішінара расталған / расталмаған	Теориялық және практикалық қорытындылар, маңызды мәліметтер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттер сілтемелерімен расталған.
	8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға толықтай жеткілікті. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

			толыққанды әрі жан-жақты әдеби шолу жасауға жеткілікті. Зерттеуде 296 әдебиетке шолу жасалған.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияның теориялық маңызы бар. Себебі ізденуші әлеуметтік-экономикалық бағытындағы шетелдік, отандық зерттеулерге талдау жасаған.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияның практикалық маңызы мен алынған нәтижелерін практикада қолдануға мүмкіндігі бар. Сонымен қатар «Қазақстанның қазіргі заман» тарихы курсының дәріс, семинар, СӨЖ тапсырмаларына және № 17 жалпы орта білім беретін КММ өлкетану пәнінің мазмұнына тақырып ретінде енгізген.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыста айтылған практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады.
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Жазу мен ресімдеу сапасы, соның ішінде академиялық жазу тұрғысынан жоғары. Сонымен қатар автордың жасаған тұжырымдары анық әрі түсінікті түрде берілген.

Докторант Байгапанова Айгуль Болатовнаның (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін «Семей облысының әлеуметтік-экономикалық даму тарихы және оқыту әдістемесі 1939-1997жж» тақырыбына дайындалған диссертациясы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптарына сәйкес орындалған, толық аяқталған жұмыс және «Дәрежелер беру қағидаларының» 2- тарауында көрсетілген диссертациялық талаптарға толығымен сәйкес келеді деп есептеймін. Сол себепті, докторант Байгапанова Айгуль Болатовнаға «6D011400-Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беруге болады деген қорытынды жасаймын.

**Ресми рецензент:**

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық  
қазақ-түрік университеті Тарих кафедрасының  
профессоры, тарих ғылымдарының докторы**

  
РАСТАЙМЫН  
ҚОЛЫН  
«А. Ясауи атындағы  
Халықаралық қазақ-түрік  
университеті»  
Адам ресурстарын басқару  
Төрағасы Бастығы

**Түрсүн Хазретәлі Маханұлы**

